

## **7-тақырып. Кедендік заңдарды бұзғандық үшін жауаптылық**

**Сабақтың мақсаты:** Кеден заңнамасын бұзғандық үшін жауаптылықтың негіздерін түсіндіру. Кеден заңнамасын бұзғандық үшін құқықтық жауаптылықтың түрлері мен негіздерін түсіндіру, оларды қолдана алуға дағдыландыру.

Кеден ережелерін бұзу (КЕБ) құқық табиғаты жағынан алғанда әкімшілік құқық бұзушылыққа жатады, дегенмен Кеден ісі жөніндегі жарлықтағы кейбір мәселелерді ескеріп, "кедендік құқық бұзушылық" деп атауға тура келеді.

"Кеден ісі туралы" Заң қабылданғанға дейін кедендік құқық бұзушылық әкімшілік құқық бұзушылық қатарында қарастырылды. (Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 15-тарауы). Енді 40 түрлі кеден ережесін бұзу Заң бойынша жауапкершілікке тартылады (260-299 бб). Сонымен қатар, 13 бап (413-425-баптар) кеден органдарының әрекетіне кедергі келтірген құқық бұзушылық түрлерін қамтиды. Істі қозғау, қарау, жауапкершілік кеден органдарына жүктеледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 ж. 16 шілде-дегі "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңында "Кеден ережелерін бұзу және осы бұзушылық үшін жауапкершілік. Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу және оларды қарау" XII бөлімі және "Қазақстан Республикасының кеден органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының шешімдерінің әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағымдану және қарау" XV бөлімі әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының жаңа Кодексі әрекетке кіріскенге дейін әрекет етеді делінген.

Сонымен бірге кедендік құқық бұзушылық үшін жауапкершілік тікелей әкімшілік заңмен белгіленетін болады. Заң кеден ережелерін бұзудың маңызы аз болғанда жауапкершіліктен босатуды қарастырады, бұны кеден органы (жаза санына кірмейтін) ауызша ескерту берумен белгілейді; бұл жағдай басқа нормативті құқықтық актілерде шешілмеген аз маңыздылық түсінігі туралы мәселені алға тартады. Практика Ресейдің Кеден кодексінде жасалғандағыдай жауапкершілікті жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайларды анықтайтын баптарды енгізуді талап етеді.

Экономикалық қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы күрес, тауарлар мен көлік құралдарының, есірткі заттар мен прекурсорлар контрабандасының жолын кесу мақсатты түрде жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес кеден органдарына жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру өкілеттіктері берілген, бұл кеден ісі саласындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің тиімділігін едәуір өсірді. 2009 жылдың қыркүйегінен бастап осы уақытқа дейін қылмыстық істер бойынша 2,2 млрд теңгеден астам сомаға тауарлар тәркіленді, қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша мемлекеттің кірісіне 3,7 млрд. теңгеден астам сомаға

тауарлар тәркіленді. Анықталған құқық бұзушылықтар бойынша, сондай-ақ қосымша есептеулер нәтижесінде мемлекетке 6 млрд. теңгеден астам сомасына зиян өтелді. Кеден органдары, оның ішінде басқа да құқық қорғау органдарымен бірлесіп, есірткінің заңсыз айналымының 1562 фактісі анықталды, 6,5 тоннадан астам түрлі есірткі заттар, оның ішінде 799 кг героин алынды.

Кеден органдары қызметінің ең маңызды бағыттарының бірі кадр саясатын жетілдіру болып табылады. Кеден органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуда. Кадрлармен жұмыстың басымды бағыттары айқындалған, оларға біліктілік талаптар белгіленген, Ар-ождан кодексі, Кеден органдарының декларациясы және басқалар бекітілді.

Кадрлық құрамды жинақтау тек қана конкурстық негізде жүзеге асырылады. Кеден органдарына 2009 жылдың қыркүйегінен бастап 1607, олардың ішінен конкурс бойынша 1401 немесе 87,2% адам қабылданды. Бұл ретте кәсіби (заң, экономикалық, кеден ісі, ақпараттық технологиялар) білімі бар кандидаттарға артықшылық беріледі. Бүгінгі күні жоғарғы білімі бар лауазымды адамдардың жалпы саны 5416 (92,4%), олардың ішінен экономикалық – 1434 (26%), заңды – 2137 (39%) білімі барлар құрады, «кеден ісі» мамандығы бойынша қызметкерлер 613 (11%), басқа мамандықтар – 1232 (23%) құрады. Нәтижесінде, кәсіби білімі бар лауазымды адамдардың үлес салмағы 64 %-дан 88 %-ға дейін өсті.

Кадрларды аттестациялау жүйелі түрде жүргізіледі. Осы кезең ішінде аттестациядан 4046 лауазымды адам немесе жеке құрамның 69 %-дан астамы өтті. Олардың нәтижесі бойынша 304 қызметкер атқаратын қызметінен босатылды.

Жыл сайын ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп жоғары оқу орындарының «Кеден ісі» мамандығы бойынша түлектері арасында Олимпиадалар жүргізіледі, олардың нәтижелері бойынша 30 ең үздік қатысушылар кеден органдарына жұмысқа орналастырылды.

1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығын мерекелеу күндерінде кеден органдарының қызметкерлері Ұлы Отан соғыс ардагерлері мен әскери жылдары тыл еңбекшілерін қолдау қорына 5,3 млн. теңге мөлшеріндегі еңбек ақысын аударды.

Қызметкерлердің әлеуметтік және тұрмыстық қамтамасыз етілуін жақсарту бойынша белгілі жұмыстар жүргізілуде. Астана қаласында және Достық станциясында кеден органдарының қызметкерлері үшін жалпы көлемі 7 мың шаршы метрге жуық баспана салынды.

Қазақстан кәсіпкерлерінің Форумында берілген Елбасының тапсырмасына сәйкес Комитетте және оның аумақтық органдарында Кедендік саясат бойынша консультативтік кеңестер құрылған, ақпараттық-консультациялық пункттер, «сенім телефондары» жұмыс істейді. «Дөңгелек үстелдер», кеден органдарының кәсіпкерлермен кездесулері, әлеуметтік сауалнама және жасырын анкеталау жүргізіледі. Корпоративтік теледидар

және Комитеттің ай сайын 5 мың адамнан астам адамдары кіретін Web-сайты жұмыс істейді.

Кеден органдары «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілерінің жалпыұлттық одағымен бірлесіп үстіміздегі жылдың 28 мамыр-28 маусым кезеңінде, негізгі мақсаты Президенттің Қазақстан халқына Жолдауының негізінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау, «жасыл өнімді» жеткізуші мен тұтынушы арасында тікелей байланысты орнату болып табылған «Кеден бизнес үшін» деген акцияны өткізді.

Акция барысында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті мен Кедендік брокерлердің қазақстандық қауымдастығы (бұдан әрі - КБҚК) арасында Меморандум жасалды, оған сәйкес КБҚК ауылшарушылық өнімін кедендік ресімдеуге брокерлік қызмет көрсетулердің кешеніне тарифтерді 3 мың теңгеге дейін төмендетті.

Жол жүру кезінде рұқсат етілмеген тоқтатуларды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті бірлескен бұйрыққа қол қойды, онда ауылшарушылық өнімімен көлік құралдарды қосымша алымға ақы төлемей бірге алып жүру тәртібі көзделген.

Акцияның қорытындысында ҚР ҚМ КБК мен «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілерінің жалпыұлттық одағы арасында Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға, сондай-ақ аумақтық кеден органдары мен «Атамекен» өңірлік өкілдері арасында меморандумға қол қойылды.

Халықаралық ынтымақтастық саласында да белсенді жұмыс жүргізілуде.

Ресей, Қытай, Түрік, Қырғызстан, Германия, Нидерланд кеден қызметтерімен кеден ісі, сыртқы сауданың статистикалық деректерін алмасу және салыстыру мәселелері бойынша шарттар мен келісімдерге қол қойылды.

Дүниежүзілік кеден ұйымымен (ДКҰ) іскерлік серіктестік қатынастарды орнату едәуір жылжыды. 2007 жылы оның бастамасымен Алматы қаласында Жібек жолы өңірінде есірткі трафигінің мәселелері кеден әкімшіліктері басшыларының кеңесі өткізілді. Елдің Кинологиялық орталығының базасында ДКҰ халықаралық Өңірлік кинологиялық орталығы бекітілді.

2008 жылдың қаңтарында Алматы қаласында ДКҰ Еуропа өңірі кеден қызметтері басшыларының 2-ші конференциясы өткізілді, оның жұмысына 37 мемлекеттің кеден әкімшіліктерінің басшылары мен сарапшылары, Еуропа Қоғамдастықтарының Комиссиясы, сондай-ақ Төтенше және Өкілетті Елшілер, Қазақстанда тіркелген халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты [18].

Бельгиядағы ДКҰ-ның 105 және 106-сессияларында Қазақстан Достастық елдерінен ДКҰ Кедендік ынтымақтастық кеңесінің Саяси комиссиясының құрамына бірінші болып сайланды және Шығыс Еуропа және ТМД 24 елдерінің мүддесін білдіретін болады.

Ел кеден қызметінің материалдық-техникалық базасы одан әрі жаңаруда және дамуда.